



AlcoStop 4800

JUSTEC

Сіз үшін арнайы жасалған технология



AlcoStop 4800

**Деммен шығарылатын ауадағы этанол
буларын анықтауға арналған құрылғы**

Пайдаланушы нұсқаулығы V1.1.6N нұсқасы

МАЗМҰНЫ

1	ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ.....	3
2	ҚҰРЫЛҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.....	3
3	АЛДЫҢҒЫ ЖАҒЫНАН КӨРІНІС.....	4
4	ҚОСУ.....	4
5	ӨЛШЕУЛЕРДІ ОРЫНДАУ.....	5
	5.1 Өлшеу қалай орындалады.....	5
	5.2 Тексеру нәтижесі.....	6
	5.3 Келесі тексеру.....	7
6	СӨНДІРУ.....	7
7	НЕГІЗГІ МӘЗІР.....	8
	7.1 Дабыл шегі.....	8
	7.2 Сканерлеу уақыты.....	9
	7.3 Өлшеу бірліктері.....	10
	7.4 Калибрлеу.....	11
	7.5 Жұмыс уақыты.....	11
8	КҮТІМ ЖАСАУ.....	12
	8.1 Жалпы күтім.....	12
	8.2. Батареяны зарядтау.....	12
9	КАЛИБРЛЕУ ЖӘНЕ СЕРВИС.....	13
10	БҰЗЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ.....	14

1 ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны пайдалану алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз!

Құрылғының жұмыс сипаттамалары оны пайдалану және техникалық күтім жасау ережелерінің орындалуына байланысты болады.

Калибрлеу және техникалық күтім жасау жергілікті органдардың талаптарына сәйкес білікті қызметкерлермен орындалуы керек.

Жөндеу үшін тек Justec ShenZhen Co., Ltd өндіретін түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді пайдалануға рұқсат етіледі.


Құрылғыда қолданылатын сенсордың құрамында химиялық зат болады, ол жергілікті талаптарға сәйкес кәдеге жаратылуы керек.

2 ҚҰРЫЛҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

AlcoStop 4800 құрылғысында сапалық және сандық нәтиже алу үшін құрылғыға ауаны ұзақ енгізу арқылы жылдам өлшеу технологиясы қолданылады. Бұл аппарат талдау жасап, 1 секунд ішінде нәтиже бере алады. Ол тексеру құрылғысы ретінде пайдалануға өте сезімтал болып келеді.

Құрылғы жүргізушілерді мас күйінде көлік айдау тұрғысынан тексеру барысында полиция қызметкерлерінің қолдануына арналған. Ол сонымен қатар кейбір әлеуетті қауіпті аймақтарда, мысалы, шахталарда, порттар мен зауыттарда мемлекеттік қызметкерлерді, паркинг операторлары мен қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерін тексеру үшін тамаша құрал болып табылады.

3 АЛДЫҢҒЫ ЖАҒЫНАН КӨРІНІС




1-сурет. Алдыңғы жағынан көрініс


№	Атауы және қызметі	№	Атауы және қызметі
1	Кіріс тесігі	4	Сол жақ батырма «Солға» батырмасы
2	Дисплей	5	Қуат батырмасы / ОК
3	Оң жақ батырма «Оңға» батырмасы	6	USB порты

4 ҚОСУ

Қуат батырмасын 1 секунд бойы басып тұрсаңыз, құрылғы қосылады. Қосылғаннан кейін өзін-өзі тексеру процесі басталады. Осы тексеріс кезінде 2 секунд бойы құрылғының үлгісі және бағдарламалық жасақтаманың нұсқасы көрсетіледі:



Өзін-өзі тексеру процедурасы аяқталғаннан кейін, құрылғы қолдануға дайындық режиміне ауысады.




5 ӨЛШЕУЛЕРДІ ОРЫНДАУ

5.1 Өлшеу қалай өткізіледі

Құрылғының кіріс тесігі ауызға немесе мұрынға барынша жақын орналасуы керек, мысалы, 5 см қашықтықта. Тексеруден өтетін адам өлшеуді бастау үшін құрылғының қуат батырмасына басқан кезде дем шығаруы немесе сөйлеп тұруы керек.

Тексеру процедурасы кезінде құрылғы дыбыстық сигнал береді. Бұл ауаның құрылғыға кіргенін білдіреді.

Сынаманы іріктеген кезде, дисплейде төмендегі суретте көрсетілгендей графикалық та, цифрлық та ақпарат көрсетіледі:



Үнсіз келісім бойынша құрылғыда өлшеу уақыты 8 секунд болып белгіленген. Бұл мәнді тек өкілетті тұлға өзгерте алады.

Пайдаланушы өлшеуді аяқтау үшін, Stop (Стоп) батырмасын баса алады.


Назар аударыңыз:

Құрылғы мен ауыз арасындағы қашықтық аспаптың сезгіштігі мен дәлдігіне әсер етеді. Деммен шығарылатын ауа ауыздың жанындағы қоршаған ауамен араласатын болғандықтан, өлшенген мән де үлкен қашықтықтарда төменірек болады. Құрылғы мен ауыз арасындағы қашықтықты 10 см-ден асырмауға кеңес беріледі.


5.2 Тексеру нәтижесі

Бұл құрылғы алкогольдің болуын жылдам тексеру үшін қолданылады. Өлшеу нәтижесі тек ауада этанол буларының бар екендігін көрсетеді. Бұл нәтиже дәл көрсеткіш ретінде және жауапкершілікке тартуға негіз ретінде қолданыла алмайды. Дәлелді дерек алу үшін, тест өткізу үшін дәл өлшеулер жасайтын мүштікпен жабдықталған талдағышты қолданыңыз.


Талдау жасалғаннан кейін, егер алынған өлшем дабыл үшін белгіленген жасыл шекті мәннен төмен болса, дисплейде өлшенген ең жоғары мән және төмендегі суретте көрсетілгендей кесте көрсетіледі:



Егер алынған өлшем дабыл үшін белгіленген қызыл шекті мәннен төмен және дабыл үшін белгіленген сары шекті мәннен жоғары болса, дисплейде төмендегі суретте көрсетілгендей сары кесте көрсетіледі:




Егер алынған өлшем дабыл үшін белгіленген қызыл шекті мәннен жоғары болса, дисплейде өлшенген ең жоғары мән және төмендегі суретте көрсетілгендей қызыл кесте көрсетіледі:



5.3 Келесі тексеру


Start (Бастау) батырмасын басыңыз, егер алдыңғы тест аяқталған болса, құрылғы кейінгі тестке дайын болады. Дегенмен, егер алдыңғы тексеру құрылғыға үрленетін ауа құрамында этанолды анықтаса, құрылғы алдыңғы өлшеу кезінде ондағы болған этанол буларынан арылғанша, 5-10 секунд күте тұру керек. Алдыңғы тест алкогольдің жоғары концентрациясын анықтаса, көбірек күту керек болады.



6 СӨНДІРУ

Қуат батырмасын басып, шамамен үш секунд бойы сол күйде ұстап тұрсаңыз, AlcoStop 4800 құрылғысы сөнеді.

Дисплейде келесі ақпарат көрсетіледі:




AlcoStop 4800 5 минуттан астам қолданылмаса, автоматты түрде сөнеді.

7 НЕГІЗГІ МӘЗІР

«Солға» батырмасын бассаңыз, Негізгі мәзір көрсетіледі.

Бұл Мәзірде пайдаланушы құрылғының нақты функцияларын өзгерте алады немесе таңдай алады.


Экранда келесі мазмұндағы ақпарат көрсетіледі:




«ОК» (Қабылдау) батырмасын басыңыз, құрылғы мәзірдің келесі деңгейіне көшеді.

7.1 Дабыл шегі

Мәзірдің «Alarm limit» (Дабыл шегі) бөлімін таңдап, «ОК» (Қабылдау) батырмасын басыңыз, құрылғының экранында келесі ақпарат көрсетіледі:





Қызыл дабыл шегі өлшенген мән белгіленген мәннен артық және ауадағы алкоголь концентрациясы жоғары екендігін көрсетеді. Дисплейде қызыл кесте көрсетіледі.


Өлшеу бірлігі оң жақ бұрышта көрсетіледі, мысалы mg/100ml (мг/100мл).


Егер меңзер дабылдың қызыл шегінде болса, көрсеткіш соғып тұрады. «▼» батырмасын бассаңыз, мәні өзгереді. Қажетті мәнді икемдеп болған соң, енгізілген мәндерді сақтау үшін, «OK» (Қабылдау) батырмасын басыңыз.

7.2 Сканерлеу уақыты



Сканерлеу уақыты – бұл құрылғының ауа помпасының тест орындаған кезде сканерлеу режиміндегі жұмыс уақыты.

Мысалы, үнсіз келісім бойынша орнатылған мән – «8 секунд», бұл құрылғының 8 секунд ішінде тест өткізу үшін іске қосылатынын білдіреді. Пайдаланушы бұл мәнді ағымдағы қажеттілікке сәйкес 1-ден 15-ке дейінгі ауқымда орната алады.





7.3 Өлшеу бірліктері




Қажетті өлшеу бірлігі таңдалған соң, таңдауды растап, мәзірге оралу үшін, «OK» (Қабылдау) басыңыз.

Құрылғыда үнсіз келісім бойынша орнатылған мән: мг/100мл.

7.4 Калибрлеу

«Calibration» (Калибрлеу) таңдап, «OK» (Қабылдау) басыңыз, дисплейде калибрлеу режимі көрсетіледі.


Бұл режим құпиясөзбен қорғалған. Бұл тарауға тек өкілетті тұлғалар қатынай алады.





7.5 Жұмыс уақыты

Пайдаланушы жалпы өлшеулер мерзімін тексере алады. Құрылғы әрбір өлшеу кезінде сынамаларды іріктеу уақыты туралы деректерді сақтап, жазып алады, бұл кезде помпа мен сенсор жұмыс істейді.

Пайдаланушы бұл деректерді алып тастай алады. Бұл ретте жағымсыз салдардың алдын алу үшін сақтық шараларын орындау керек.





8 КҮТІМ ЖАСАУ

8.1 Жалпы күтім

Бұйымды тазалау үшін тек жұмсақ тазартқыш құралдарды қолдануға болады.

Тазалау үшін таза спирт, ацетон, скипидар сияқты және басқа да органикалық еріткіштерді пайдалануға тыйым салынады.

Сақ болыңыз, құрылғының ішіне су өтпеуін қадағалаңыз.

8.2 Батареяны зарядтау

AlcoStop 4800 сыйымдылығы 2000мА/сағ литий-ионды аккумулятормен жабдықталады, бұл құрылғының 20 сағат бойы үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді. Дисплейдің сол жақ бұрышында аккумулятордың зарядталу деңгейінің индикаторы бар. Аккумулятордың төмен зарядында дабыл сигналы қосылып, «please charge» (өтінеміз, аккумуляторды зарядтаңыз) хабарламасы көрсетіледі.


«Өтінеміз,
аккумуляторды
зарядтаңыз»



Зарядтау үшін mini USB кабелін немесе арнайы қуат адаптерін пайдаланыңыз (кіріс кернеуі 220В, Шығыс кернеуі 5В тұрақты ток).


Зарядтау уақыты: 3 сағат. Зарядтау кезінде дисплейде келесі хабарлама көрсетіледі:

«Зарядтау» →



Аккумуляторды зарядтау процесі аяқталған кезде, «Charging over» (Зарядтау аяқталды) жазуы көрсетіледі.

«Зарядтау аяқталды» →



9 КАЛИБРЛЕУ ЖӘНЕ СЕРВИС

Бұл құрылғы алкогольдік мастықтың болуын жылдам тексеру үшін қолданылады. Құрылғыны қолдана бастағаннан кейін 12 айдан кейін калибрлеу ұсынылады. Дегенмен жұмыста бұзылыстар анықталған жағдайда, сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Калибрлеу тек авторландырылған мамандармен ғана орындалуы керек.

10 БҰЗЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

Қате туралы хабарлама	Себептер	Жою
Құрылғы қосылмайды	Батарея зарядының деңгейі тым төмен. Қосылу батырмасы бұзылған.	Аккумуляторлық батареяны зарядтаңыз. Бұзылған қуат батырмасын сервистік орталықта жөндеңіз.
Тексерілетін тұлға алкоголь қабылдамаса да, құрылғы алкогольдің болуын анықтайды	Құрылғыда алдыңғы тесттен алкогольі бар қалдық сынама қалған. Сенсор тым ұзақ уақыт бойы қолданылған, сондықтан нөлдің ығысуынан қате болады.	Алдыңғы тесттен кейін 15 секунд және одан астам уақыт күте тұру керек. Калибрлеу процедурасын өткізу немесе сенсорды ауыстыру.
Құрылғы сынамада алкогольдің бар екенін анықтайды. Бірақ талдағыштағы этанол құрамын өлшеу көрсеткіштері нөлге тең.	Скрининг-тестілеуге арналған құрылғының сезгіштігі деммен шығарылатын ауадағы алкогольді талдағышқа қарағанда артық.	Қайта тексеру үшін басқа құрылғыны пайдаланыңыз.
Алкоголь иісі сезіледі, бірақ өлшеу көрсеткіштері нөлге тең.	Ұзақ уақыт пайдалану нәтижесінде сенсордың сезгіштігі төмен. Ауыз бен құрылғы арасындағы қашықтық тым үлкен.	Этанолдың сенсорын жаңасына ауыстырыңыз. Қайтадан калибрлеңіз. Құрылғыны ауызға жақын орналастырыңыз.
Бірнеше сағат пайдаланғаннан кейін қуаттандыру жоқ.	Аккумулятор бұзылған.	Аккумуляторды жаңасына ауыстырыңыз.

Предприятие-изготовитель: Компания **Justec Shenzhen Co.,Ltd.**, Гонконг.

Импортёр: ТОО «Медицинские Газовые Системы». Республика Казахстан, 050040 г, Алматы, мкр-н Коктем-2, д.11А, оф. 3, тел. 8(727) 387-20-31, 8(727) 262-20-83.
www.alcotester.kz; эл. почта: info@mgs.kz

Уполномоченный производителем сервисный центр в Республике Казахстане: ТОО «Медицинские Газовые Системы». Республика Казахстан, 050040 г, Алматы, мкр-н Коктем-2, д.11А, оф. 3, тел. 8(727) 387-20-31, 8(727) 262-20-83.
www.alcotester.kz; эл. почта: info@mgs.kz